

# Ер есімі мәңгі ұмытылмайды

Ұлағатты ұстаз Қапар Нұрабаев жайлы

**Ұстаз – ұлы есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, тәлім-тәрбие, адамгершілік рухта бағыт – бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.**

Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұға ретінде ерекшеленеді.

Осы орайда бүгін біз ұлы ұстаз, артында ізгіліктен із қалдырған Қапар Нұрабаев жайлы сыр шертпекпіз.

Қапар Жұмасұлтанұлы 1946 жылы 1 наурызда Қостанай қаласында еңбекші отбасында дүниеге келген. Қамыстыкөл жеті жылдық мектебін бітіріп, Ыбырай Алтынсарин атындағы Меңдіқара педагогикалық училищесіне түсіп, оны 1964 жылы аяқтаған. Қолға диплом ұстап, маман иесі атанған соң, туған жеріне келіп, өзі оқыған мектебінде ұстаздық қызметке кіріседі. Кейіннен әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтейді. Орал қаласындағы Пушкин атындағы педагогикалық институтына түсіп, оны география пәнінің маманы болып бітіріп шықты. 1972 жылға дейін Қамыстыкөл сегіз жылдық мектебінде ұстаздық қызмет атқарып, кейіннен облыстық оқу бөлімінің жолдамасы бойынша Науырзым ауданына қоныс аударады. 1972 - 1996 жылдар аралығында аудандағы Жамбыл орта



Қапар Жұмасұлтанұлы «Қазақ ССР халыққа білім беру үздігі»

мектебінде география, тарих пәндерінің оқытушысы, 1983 - 1996 жылдар аралығында аудандық оқу бөлімінің бас маманы қызметін атқарды. 1996 жылы Меңдіқара ауданы, Боровской селосына отбасымен көшіп келіп, 1996 - 1998

жылдары Меңдіқара аудандық оқу бөлімінде инспектор болды. 1998 жылдан өмірінің соңына дейін аудандағы қазақ орта мектебінде директордың оқу - ісі жөніндегі орынбасары болды, әрі география пәнінен сабақ берді.

Бар өмірін ұстаздыққа арнаған Қапар Жұмасұлтанұлының еңбегі бағаланып, «Қазақ ССР халыққа білім беру үздігі» атағын алды. Ұлы ұстаз қандай жұмыс болса да, барлық ынта - жігерімен орындаған. Қолы бос кезінде

өлеңдер, естеліктер, күнделіктер жазып, балаларына үлгі болып, болашақтарына жол сілтеген әке.

- Біз Қапар екеуіміз 1970 жылы шаңырақ көтердік. Атұстар, ұрпақ жағастырар 4 ұлымыз бар. «Тәрбие тал бесіктен» демекші, әкелері балаларды бар шаруға, оқу - білімге кішкентай кездерінен қатаң тәртіппен тәрбиеледі. Ұлдардың жан-жақты болып өсуін қалаған ол, үнемі түрлі ойындар, хобби түрлерін үйрететін. Марқұм жұбайымның тиянықтылығы мен тәрбиесінің арқасында ұлдарымыз қазіргі таңда жоғарғы білімдері бар, өмірден өз орындарын тапқан, елімізге адал еңбек етіп жүрген жандар. Қазіргі таңда 4 ұлымнан 12 немерем бар. Бар өкініштісі ұлдарымның әкесі бала мен немере қызығын көре алмай кетті. Қапардың мінезі өте ашық, жарқын жүзді еді. Барлық адамдармен жақсы қарым - қатынаста болып, әрдайым ойнап - күліп жүретін. Барша туған-туыс, дос-жарандарымызға қолынан келгенше көмектесіп, әрдайым қолдап-демеп отыратын, - деп еске алады жұбайы Эзуре Нұрышқызы.

Биылғы жылы Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының 30 жылдық мерейтойы аталып өткен болатын. Қасиетті білім ордасында Қапар Жұмасұлтанұлы бірнеше жыл қызмет етіп, талай шәкірт тәрбиелеген. Мектеп ұжымы мерейтой аясында ұлы ұстазды еске алу құрметіне орай «Бас иемін тұлғаға» атты оқушылар ара-

сында мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастырған болатын. Қапар атамиздың жұбайы мен балалары сайысқа демеушілік көрсетіп, жеңімпаз оқушылармен қатысушыларға бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар табыс етілді.

Бар ғұмырын еңбек жолына арнаған кейіпкерімізді мұғалімдер қауымы қуана еске алады

- Менің ойымша кез келген адам ұстаз бола алмайды. Табиғи дарындылық пен ізденісті ұштастыра білу керек. Менің еңбек жолымда сондай ұстаздардың бірі болған Қапар Жұмасұлтанұлы. Ұлы ұстазбен бірге жұмыс жасап, талай шыңды бірге бағындырдық. Сол уақытта мен мектеп директоры, ол кісі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болған еді. Мектептегі ұстаздардың ішінен ол кісі өзінің сөйлеу мәнерімен, жүріс-тұрысы, сабақ беру әдістерімен оқушылар мен бізге үлкен үлгі болды. Тәжірбиесі мол өте білімді маман шәкірт жүрегіне жол таба біліп, бар біліктілігімен бөлісетін. Өкініштісі арамиздан ерте кетті. Бізге үйретері мен көрсетері көп еді. Арамиздан кеткеніне 20 жыл болса да, ол кісі біздің жүрегіміз бен есімізден мәңгі өшпейді, - дейді Нүргүл Утеулина.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Меңдіқара жерінің ұлы тұлғасы, ұлағатты ұстаз Қапар Нұрабаев жайлы жақсы естелік жүрегімізде мәңгі сақталады.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА